

# Қимыл- қозғалыс ойындары



Қимыл-қозғалыс белсенділігі-жоғары дамыған тірі материяның ерекшелігі ғана емес, тіршілікке қажетті жағдай. Адамның эволюциясындағы дамуы оның барлық мүшелері мен жүйелерінің қалыпты қызмет атқаруын тек белсенді қимыл-қозғалыс әрекеттері бар жағдайларда ғана мүмкін еткен.

Баланың қимыл-қозғалыстар табиғи мұқтажы шектелген болса, оның іштен туа біткен мүмкіндіктері өз маңызынан айырылады. Әрекетсіздік денені де бұзады.

Қимыл – қозғалыс ойындары балаларда қалыптасқан қозғалыс әрекеттері және физикалық сапаларын арттырудың әдісі ретінде қолданылады.

Ойын барысында бала мақсатқа жету үшін бар зейінін соған аударады. Ол ойын ережелеріне бағына отырып , қимыл – қозғалыс әрекеттерін арттыра түседі.

# Ойынның педагогикалық және дидактикалық мәні

1. Шешімін күтетін мәселелердің болуы;
2. Ойынға қатысушылар арасында рольдерді бөлу және рольдеріне сәйкес белсенді өзара әрекеттерімен және мұғаліммен байланысының болуы;
3. Ойынға қатысушылардың ортақ мақсаттарының болуы және ұжымдық шешім шығару;
4. Шешімдердің көп нұсқалығы;
5. Ойын соңында талдау жасау;
6. Қатысушылардың жоғары эмоционалдық күйі;
7. Оқушылардың әрекетіндегі инновациялық

# ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

**ЖАТТЫҒУ**

**ОЙЫНДАР**

**СПОРТТЫҚ  
ЖАТТЫҒУЛАР**

**ҚАРАПАЙЫМ  
ТУРИЗМ**

**Негізгі  
қосымшалар**

**Сапқа тұру  
және қайталау  
сапқа тұру**

**Жалпы дамыту  
жаттығулары**

**Спорттық  
ойындар**

**Қозғалысты  
сюжетті  
сюжетсіз**

**Би  
жаттығулары**

**Жазғы жүзу,  
велосипедпен жүру,  
өз бетінше тебу**

**Қысқы: шаңғымен  
жүру, конькимен,  
шанамен сырғанау**

**Жаяу жүру**



**Индивидуальды (жеке) қозғалмалы ойындарды әдетте кіші балалар құрады және ұйымдастырады. Мұндай ойындарда әркім өзінің жоспарын белгілеп, өіне қызықты шарттарды орнатады, ал кейде қалағандарынша өзгертеді. Жеке қалаулар бойынша ойластырылған іс-әрекеттерді іске асыру жолдары таңдалынады.**

**Педагогикалық практикада ұжымдық және индивидуальды қозғалмалы ойындар, сонымен бірге спорттық әрекеттерге жетекші ойындар қолданылады.**

**Ұжымдық қозғалмалы ойындар – бір уақытта қатысушылардың үлкен емес тобы секілді, тұтас сынып немесе спорттық секциялар, ал кейбір жағдайда ойыншылардың айтарлықтай көп саны қатыса алатын ойындар.**



**• Қозғалмалы ойынға арналған инвентарь даярлау.**

Қозғалмалы ойын сәйкес инвентармен қамтамасыз етілуі тиіс. Бұл жалаушалар, түрлі-түсті бойаулар, әртүрлі көлемдегі доптар, ағаштар, сақиналар, секіргіштер және т.с.с. Инвентарь жарқын түсті, ойынды байқаулы болуы керек, бұл әсіресе бастауыш сынып оқушылары үшін маңызды, ал көлемі мен салмағы – ойыншылардың әлі келетіндей болуы тиіс. Инвентар саны алдын-ала қарастырылады.




- **Арқан тарту.**  
Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді.

## Соқыр теке

- Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.  
Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ  
Қайда кеткен құлыншақ  
Соқыртеке бақ-бақ  
Мені ізден тап-тап  
Деп тақпақтайды.  
Содан кейін Соқыртеке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп түртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.







1



1



3



